

**2020 жылға арналған Жақсы ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № а-8/268 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 қарашада № 7523 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7) тармақшасына, 27 бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2020 жылға арналған Жақсы ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жақсы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Малгаждаров

Жақсы ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "26" қарашадағы  
№ а-8/268 қаулысына  
қосымша

**2020 жылға арналған Жақсы ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

| № | Ұйымның атауы                                 | Жұмыскерлердің тізімдік саны | Квота мөлшері (%) |
|---|---|------------------------------|-------------------|
| 1 | "Урожай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 242                          | 0,4               |

|   |   |     |     |
|---|---|-----|-----|
| 2 | "АйБат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі      | 182 | 0,5 |
| 3 | "Жана - Жол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 174 | 0,6 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК